

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ МЕКТЕП  
БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ «ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒҰЛАМА,  
КЕМЕҢГЕРІ – ӘБУНАСЫР ӘЛ- ФАРАБИ»**

**Игембаев Р.К.** тарих пән мұғалімі  
Ю.А. Гагарин атындағы Мектеп-лицейі  
Шет ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан

2019 жылғы 12-27 қараша аралығында Франция астанасында Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 40-шы Бас конференциясы ортағасырлық Шығыстың ғұлама ойшылы әрі ғаламы Әбунасыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына 2020 жылы атап өтілетін халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізу жөнінде арнайы қарар қабылданды.

2020 жылы Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтілді. Еліміздің түпкір-түпкірінде бабамызға арналған әр сала бойынша іс-шаралар атқарылды

Біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың атауы «Түркі халықтарының ортақ ғұлама, кемеңгері – Әбунасыр Әл- Фараби».

Әбунасыр Әл-Фараби бабамыз туралы зерттелген ғылыми жұмыстар аз да емес. «Таудың биіктігі алыстаған сайын аңғарлады» дегендей, уақыт өткен сайын бабамыз Әбунасыр Әл-Фарабидің жеке, тарихи тұлға ретінде және ғылыми еңбектері қазіргі заманның және болашақ ұрпақ алдында маңызды екені анық.

Бірақ біздің зерттеу нысаны: Әбунасыр Әл-Фарабидің түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға екенін жаңа қырынан зерттеп көрсетпекпіз.

Мақсаты: Әбунасыр Әл- Фараби бүкіл түркі халықтарына ортақ ғұлама, кемеңгер тұлға екенін ашып талдау.

Міндеті:

Әбунасыр Әл-Фарабидің шығыс пен батыс ғылымын жалғастырушы ретінде қарастыру.

Әбунасыр Әл- Фарабидің заманын «субэтнос» және «этнос» кезеңіндегі, түркі халықтарына ортақ тұлға ретінде қарастыру.

Өзектілігі: Әбунасыр Әл-Фараби және субэтностен этностену кезеңіндегі түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға екенін зерттеу.

Пәні: Қазақстан тарихы

Сонымен қатар Әбу насыр Әл-Фарабидің еңбектерін және мұраларын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, бабамыз Әбунасыр Әл-Фараби түркі этностарына дейінгі кезеңде өмір сүргенін және түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға екенін талдау жүргізу.

Мектеп оқулықтарын талдау барысында, қандайда пән болмасын, барлық пәндер еуропа ғалымдарының жаңалықтарынан бастаймыз. Нәтижесінде сұрақ туындайды. Неге шығыс ғалымдары мектеп оқулықтарына енгізілмеген? Білім беру «СИ» құрлымымен оқытылады. «СИ-система интеграций» - қазақша атауы «интеграция жүйесі». Әлемнің барша білім алу мекемелер құрлымында ғылыми жаңалықтардың негізін еуропа ғалымдарының жаңалықтарының жиынтығымен оқытылады екен. Шығыстың ғұлама ғалымдарын зерттеу барысында әлем өркениетіне қосқан үлесі еуропа ғалымдарынан ертерек жаңалықтарды ашқаны туралы мәліметтерге кездесеміз. Еуропа ғалымдарының жаңалықтары антикалық заманның ғұламаларынан бастап, күрт орта ғасырларда жоғалып, жаңа заман тарих кезеңінде қайта дәуірлеп шығады.

Ал, Шығыстың ғалымдарының жаңалықтары ортағасырлар кезеңінде дәуірлеп, жаңа заман, қазіргі заман тарих беттерінде сирек немесе жоқтың қасы деуге болады. Неге, ортағасырларда Шығыстың ғылымы дамып, кейінгі уақытта ғылыми жаңалықтар тоқтап қалды, деген сұраққа тарихшы ғалым ағаларымыздың зерттеу жұмыстарынан жауап аламыз.

Орта ғасырларда ислам діні дәуірлеп гүлдену барысында, Шығыс ғылымның дамуына есік ашылды. Ал, еуропа мемлекеттерінде, «схоластика» кезеңін бастан кешірді. Еуропа құрлығында, негізгі билік «Католик шіркеуі» қолында болды. Бұл дерекке тарих куә. Билікке «Католик шіркеуі» келген кезеңінде, грек ғылымын тарих бетінен өшіруге ат салысты.

Осы жоғардағы атап өткен антикалық ғалымдардың еңбектерін жоғалтпай, қайта жандандырып дамытқан Шығыстың ғұлама ғалымдардың бірі, Әбунасыр Әл-Фараби болатын. Әл-Фараби Аристотельдің еңбектерімен оқып танысып, одан әрі дамытып, тарихтағы есімдері өшуге айналған грек ғалымдардың еңбектерін сақтай отырып болашақ ұрпаққа жеткізе білді.

«Католик шіркеуі» билік кеткен соң, еуропада жаңа кезең басталып, ғылым күрт дамыды. Ғылым мен мәдениеттің дамуына еуропада, Шығыс өркениетінің ықпалы күшті болды. «Крест жорықтары» салдарынан және мәдени – ғылыми байланыс нәтижесінде.

Әбунасыр Әл-Фарабидің жеке өмірі мен ғылымға қосқан үлесі туралы ғылымның қай саласы болмасын, еңбегі зор тұлға. Айтпағымыз, ұзақ жылдар бойы бабамыздың туған жері, ұлтына, тегіне қатысты қарама-қайшы пікірлер айтылып келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Зерттеушілердің көбі Әбунасырдың тегіндегі Тархан сөзіне қарап қана түркі текті деп болжам жасап жүрді. Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» атты әйгілі еңбегінде «Фараб қаласының түрікше атауы – Қарашоқы» деп жазады. Ал, арабтың X ғасырда өмір сүрген әйгілі саяхатшы-географ ғалымы Әбу-л-Қасым ибн Хаукал өзінің «Саяхаттар мен мемлекеттер» деген еңбегінде «бұл шаһар – атақты философ әл-Фарабидің туған жері» деп көрсетеді. Бірақ соған қарамастан оны «өзбек», «тәжік» деп ұлтынан деп дәлелдемек болғандар да бар. Алайда, Әбсаттар Дербісәлі, Гафур, Жақыпбек Алтайұлы сынды ғалымдар «бабамыздың өмір сүрген заманында халықтар қазіргідей қазақ, өзбек, тәжік секілді жеке ұлт ретінде бөліне қойған жоқ, ол кісі түркі текті ойшыл болған. Яғни әл-Фараби бабамыз қазақ жерін мекендеген түрік тайпасынан шыққан. Бұл тайпа кейін қазақ халқының құрамына енді» деп өз байламдарын жасады.

Соңында кеңес және араб ғалымдары арасындағы ұзақ уақыттарға созылған бұл дауға белгілі ғалым Ақжан әл-Машани нүкте қойды. Ғалымның табандылығы мен ғылыми ізденісінің арқасында Әл-Фарабидің қазақ жерінен шыққандығын бұлтартпас айғақтармен дәлелденді.

Біздің де, зерттеген дәлеліміз Әбунасыр Әл-Фараби қазақ елінен шыққан тарихи тұлға екеніне көз жеткізу. Әбунасыр Әл-Фараби туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Ал, «Қазақ хандығына – 550 жылдығын» атап өткен болатын. Қазақ мемлекетін негізін салушы Керей мен Жәнібектен бастау алып, қазіргі мемлекетімізге дейін уақыттты қамтыдық. Ал, халыққа келетін болсақ ғылыми терминде «этнос» немесе қазақша атауда халықтың шығу тегі. Тарихта тарихи тұлғалар «Бұмын қаған, Қорқыт, Әбунасыр Әл-Фараби, Шыңғысхан» баршамызға ортақ. Сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі «Қожанасыр», «Көрұлы».

Атақты лингвист, публицист, жазушы Олжас Сүлейменовтың пайымдауынша тарихи ортақ тұлғалар мәдениеттің дамуы мен этностың қалыптасу барысында, әр ұлт өзінің мәдениетіне этногенезісінен (шығу тегі) бастау алады. Мысалға; гректің Гераклі, римдіктердің Геркулесі, славяндарда Георгий, түріктердің Көрұлы. Жұрнағы Гераклде- Гер, Геркулесте-Гер, Көрұлында-Көр. «Гер, Гер, Геор, Көр» шумерлік тілде- Жер деген мағына білдірсе керек. Демек, Олжас Сүлейменовтың меңзеп тұрғаны әр халық ұлт болмай тұрғанда, мәдени байланыс нәтижесіндегі рухани дүниелерді өзінің ортасына сіңіру барысында қамтылады, деген пікірге келеміз. Тарих ғылымында, бұл кезеңді «субэтнос» кезеңі деп атайды, Л. Струрс.

Сонымен қатар, белгілі ғалым Ақжан әл-Машанидің деректеріне қосалқы негізінде деректі алсақ, Әбунасыр Әл-Фараби қыпшақ елінен шыққан деген ой туғызады. Оған, төмендегідей деректі мысалға келтіруге болады.

\* \* \*

Туған жерден шалғайға жүріп, бар өмірін ғылым-білімге сарп еткен әл-Фараби қартайған шағында өз елінің керуен-кіре тартып жүрген адамдарын кездестіріп қатты толқиды. Ел-жұрттың хал-жағдайын тәптіштеп сұрап, көңіл орнықтырған соң, қоштасарда өзінің жан серігі – «қыпшақ» деп аталатын домбырасының бетіне: «Айналайын атам қыпшақ, Туған жерім сағындым. Өз атына, үрметіне Қайда жүрсем табындым!» – деп жазып, туған жері мен еліне сәлемдеме белгі ретінде беріп жіберген екен дейді.

\* \* \*

Бір жолы әмір сарайында әкімдер, ғалымдар мен өнерпаздар бас қосқан сыр-сұхбат кеші өтіп жатса керек. Осы кешке жұпынылау киінген әл-Фараби тап болады да, елеусіз ғана бір шеттен орын алады. Небір тапқыр сөз сайыстары болып, небір аркалы өнер түрлері дебеле қоздырған кезде жиынды басқарушы: – Қонақтың қандай өнері бар екен? – деп әл-Фарабиге тіл қатады. Сонда әл-Фараби өзі жасаған «Қыпшақ» деп аталатын домбырасын қоржынынан алып, құлағын күйлеп тарта жөнеледі. Алғашқыда ортекедей ойнақтаған ерке күй жиналған жұрттың бәрін күлдіріп, еліктіріп әкеткендей болады. Мұнан әрі домбырасын басқаша күйлеп, сұңқылдата зарлатқанда тыңдаушы қауымның әрқайсысы өз басындағы қайғы-мұңмен қауышқандай, көздеріне жас алыпты дейді. Келесі бір тыныста, қыпшақ-домбыраның құлақ күйі қоңыр сазға ауысып, жанға рахат үнмен бесіктей тербегенде тыңдаушылар маужырап, қалғи бастайды. Сол кезде «Бұл күйлерді тартқан – қыпшақ әл-Фараби» деп бір парақ қағазға жазыпты да, әл-Фараби сарайдан шығып жүре берген екен дейді.

Қазақ халқының этностену кезеңіне дейінгі кезеңді, сонау «Сақ» заманынан, «Қазақ хандығына» дейінгі кезеңді «субэтнос» кезеңі деп атауға болады. «Субэтнос» пен «Этнос» кезеңі тарихта мындаған жылдар аралығын алуы мүмкін. Ол үрдіс халықтың пісіп жетілуіне байланысты. Нәтижесінде, қандайда тарихи тұлға немесе әдеби образдағы тұлға болмасын, барлығы түркі халықтарына ортақ тарихи тұлғалар.

Қазақ халқы толықтай қалыптасып болған сонда тарихи тұлғалар қалыптасты және де қалыптаса береді. Сонымен қатар, әдебиетімізде де қалыптасқан образдар жеткілікті. Мысалға «Алдар көсе», «Жиренше», «Асан қайғы», «Бұқар жырау» бұлар тек қазақ халқына тән тұлғалар. Бұларды өзге ұлттардың мәдениетінен көре алмаймыз.

Әбунасыр Әл-Фарабиді әлем тарихында антикалық заманның грек ғалымдардың мұрасын дамытып, «Схоластика» кезеңіндегі грек ғалымдардың еңбектерін қудалаудан сақтаушы келесі ұрпаққа жеткізуші тұлға ретінде жаңа қырынан көреміз. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Әбунасыр Әл-Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Әбунасыр Әл-Фараби қазақ тарихында субэтнос кезеңінде өмір сүрген тұлға. Демек, түркі халықтарының ортақ ғұлама, кемеңгері – Әбунасыр Әл-Фараби тарих бетінде қала береді. Оның еңбектері адамзат баласы үшін таптырмас – «қазына»

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Көбесов А. «Әбу Насыр Әл-Фараби». Алматы, 2004. 47-67 бб.
2. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 30 б.
3. Алтаев Ж., Әміркұлова Ж. «Әл-Фараби және ислам философиясы».
4. martebe.kz, kk.wikipedia.org , oinet.kz
5. Бүркіт Нұрасыл mail@e-history.kz